

SHAKARIM SHAŃYRAǴY



Ақпараттық-танымдық басылым

2021 жыл. №3 (127) сәуір

1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

Бұл бірліктің туы Қазақ елінде өзге ұлт өкілі ең алғаш рет қоныстанған кезде-ақ қадалған. Себебі жері де көңілі де дархан Қазақ елі бейбіт, зиянсыз келген жанның бәрін жатсынбай қарсы алған. Тағдырдың талқысымен жаурап келгенді бауырына сап жылытып, қоғамның талабымен еңбек қуып келгенге достық пейілін танытты. Ол жайлы айтылып та жазылып та жүр. Мысалы, заңғар жазушымыз Мұхтар Мағауин өзінің



«Бір атаның балалары» шығармасында қазақ елі соғыс жылдарында жетім қалған неміс өкілінің балаларына да қалай пана болғанын баян етті. Өйткені қазақ халқы фашист пен ұлтты ажырата білген. Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев та:

Шексіз сүйем ұлтымды, сүйе тұрып алайда,

Басқа адам баласына көз алартсам, қалай ма?!

Ұлтыңды сүйе бір бөлек, ұлтшыл болу жарай ма?!

Қайтіп айтамын Дантөге жетпейсің деп Абайға?! – деп жырлағанда Қазақ елінің бекзат болмысын паш етті. Кейін

бейбіт заманда туған біздер ауыр кезеңде адамдығын жоғалтпаған ел тарихын сондай деректі шығармалар арқылы танып өстік.

Сол БІРЛІК, ҮНІТІМАҚ туының бояуын оңдырмай, қадірін тоздырмай биік ұстауымыз керек. Халқымыз: «*Алтау ала болса - ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса - төбедегі келеді*» - деп, берекенің кілті бірлік екенін баяғыда-ақ айтқан. «Ала болмай» өмір сүру әр ұлт өкілінің парызы. Өйткені

барлығымыздың ел мүддесіндегі құндылықтарымыз бір: ортақ мемлекеттік тіл, ортақ мәдениет, ортақ ғылым мен білім.

Осы бірлік мүддесінде барлығымыз сыйластықпен қол ұстасып, Қазақ елі атты шаңырағымыздың астында тату-тәтті бір мақсатта болайық.

Мерекелеріңізбен, құрметті Отандастар!

**Құрметпен,
Басқарма төрағасы – Ректор
Б.А.Ердембеков**

Осы санда



«SHAKARIM
SCIENCE - 2021»

2-5 66



Жанжігіт ОМАРХАН
журналист,
ҚР Ауыл шаруашылығы
министрінің баспасөз
хатшысы

«ЖУРНАЛИСТ –
ӘМБЕБАП БОЛУЫ
ҚАЖЕТ»

8-9 66



«УНИВЕРСИТЕТ-
МЕКТЕП:
ӨҢІРЛІК ЖҮЙЕДЕГІ
ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ
БАЙЛАНЫСТАР»


12 бет



КАТАЛЬПА
АҒАШЫН ӨСІРУДЕГІ
ТӘЖІРИБЕЛІК
ЖҰМЫСТАР

13 бет

Шәкәрім университетінде Қ.Сәтбаевтың туған күніне орай 12-17 сәуір аралығында ғылыми-инновациялық сипаттағы іс-шаралар кешенін қамтитын Ғылым апталығы өтті.



«ШАКАРИМ ҒЫЛЫМ АПТАЛЫҒЫНДА

Аталмыш іс-шараның бастамасы болып «Shakarim Inno – 2021» ғалымдардың жетістіктерінің ғылыми-шығармашылық көрмесі өтті.

Көрмеге Басқарма төрағасы – Ректор Бауыржан Амангелдіұлы бастаған құрылымдық бөлім басшылары мен қызметкерлері және профессор-оқытушылар құрамы мен жас ғалымдар қатысты. Сонымен қатар Семей қаласының АО «Семей Инжиниринг», ТОО «KondiZ» кондитерлік фабрика мен ТОО «Full Protect» ұйымдарының бір топ өкілдері көрмені тамашалауға келді.

«Шәкәрім университеті бүгінде ғылым кеңістігінде өзіндік орнын нақтылаған. Білім ордасы жоғары кәсіби білім беру саласындағы уақыт ағымына сай алға қойған міндеттерін табысты шешіп, білім және ғылым саласында көптеген жетістіктерге қол жеткізіп, биік белестерден көрінудеміз. Білім ордасының барша қызметкерлерін айтулы мейрамымен құттықтаймын. Ғылым саласын дамытудағы еңбектеріңізге мол табыс тілеймін», - деді Басқарма төрағасы – Ректор Б.А.Ердембеков.

«SHAKARIM PosterEvent – 2021»

Ғылым апталығы аясында докторанттар мен магистранттардың ғылыми-зерттеу тақырыптары бойынша "Үздік постерлік баяндама" байқауы ұйымдастырылды.

Жүлделі байқаудың мақсаты – жас ғалымдардың шығармашылық және ғылыми жұмыстарын жүзеге асыруына жағдай жасау және зерттеу қызметін жандандыру.

«Shakarim PosterEvent – 2021» байқауының постерлік жұмыстары мен қорғауын құрылымдық бөлім басшыларынан құрылған комиссия мүшелері бағалады.

Нәтижесінде:

- 1-орын Илья Сергеевич Медведев
- 2-орын Темірлан Умыржан
- 3-орын Арайлым Сағындыққызы Маутбековалар иеленді.

"KazDUAL" дуалды оқыту зертханасы

Ғылым апталығы аясында Халықаралық ынтымақтастық орталығының базасында "KazDUAL" дуалды оқыту зертханасы ашылды.

Ашылу салтанатының рәсіміне Қазақстандағы Жоғары Білімді Реформалау бойынша Сарапшылар Ұлттық Командасының (ЖБРС ҰК) мүшесі, Astana IT University ректоры Ахмед –Заки Дархан Жұмаханұлы қатысты.

ЖБРС ҰК командасының басты миссиясы—Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен ынтымақтастықта Болон үдерісінің принциптерін ескере отырып, елдегі жоғары білім беруді жаңғырту



«ӨЛКЕМІЗДЕГІ МӘДЕНИ ОРЫНДАР – КЕЙІНГІ ҰРПАҚА ӨНЕГЕ»

Шәкәрім университетінде «Ғылым апталығы» шеңберінде М.Қозыбаев атындағы тарихи-зерттеу институтының ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік кезеңіндегі тарих ғылымының жетістіктері» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Алқалы жиынға Семей қаласындағы облыстық тарихи-өлкетану мұражайының директоры Қайрат Сабырбай, ф.ғ.д., профессор Шынар Сейітова, т.ғ.к., профессор Каримов Мұхтарбек, т.ғ.к., профессор Исин Амантай сынды ғалымдар студенттермен жүздесіп, өлке тарихының төңірегінде әңгіме өрбітті.

Алғашқы баяндама: «Шығыс Қазақстанның ономастикалық кеңістігіндегі ұлттық негіз» тақырыбына арналды. «Өлкеміздегі әр жердің, судың, елді мекендер мен мәдени орындардың аттарының қатпарлы сыры – кейінгі ұрпаққа өнеге», - деді ф.ғ.д., профессор Шынар Ботайқызы.

Каримов Мұхтарбек Қарпықұлы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы

процестерін қолдау.

Аталған іс-шара Еуропалық Одақтың ERASMUS+ бағдарламасының - 2021-2024 жылдарда іске асырылатын "Қазақстанда дуалды жүйені енгізу" - KazDual жобасы халықаралық грантының қолдауымен өтті.



SCIENCE -2021»

ӨТКЕН айтулы шаралар



және тарих ғылымының міндеттері тақырыбында баяндама оқыды. Өз сөзінде «Тәуелсіздігіміздің мерейтойы аясында осындай біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек. Сонымен бірге, осы тақырыпты зерттеп жүрген ғалымдар мен жазушылардың да еңбегі қолдауға ие болуы және бағалануы қажет. Алаш арыстарының асыл мұрасын игеру жалғаса беруге тиіс», - деді.

Тарихшы ғалым Исин Амантай Исаұлы, ескі қазақ жазба әдебиеті мен қолжазбаларды зерттеудегі қазіргі күннің негізгі мәселелерін қозғады: «Қазақ халқы – көп жазулы халық. Араб, парсы, түркі сынды өркениетте талай ғасырлар бойы біздің халық бірге өмір сүрді. Рухани құндылығымыз, қолжазба мәдениетіміз осы өркениеттерде жасалды».

Сонымен қатар Семей облыстық өлкетану мұражайының қорынан Абай Құнанбаевтың экспонатты тапсыру фактісінің түпнұсқалығы туралы куәлік пен XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың бастапқы кезеңіне жататын тас балық бойтұмар жәдігері қатысушы жастарға таныстырылды.

«Экспонаттарды қабылдау журналында 1894 жылы мұражай қорына Абай белдігі қабылданғаны туралы жазба табылды. Құжатта айтылғандай, бұл ерлердің белбеуі темірмен безендірілген және күміспен қапталған. Семей уезінің Шығыс болысының қырғыздары Ибрагим Құнанбаевтан алынған...» - деп мәлімдеді облыстық өлкетану мұражайының директоры Қайрат Сабырбай.

Жиын соңында М.Қозыбаев атындағы тарихи-зерттеу институтының директоры Нұржан Тұрлыбеков баяндамашы ғалымдар мен қатысушыларға алғысын білдіріп, ғалымдарды мерекелерімен құттықтады.

«ШӘКӘРІМ ОҚУЛАРЫ»

Шәкәрім университетінде «Ғылым апталығы» шеңберінде 2021 жылдың 17 сәуірінде мектеп және колледж білім алушыларына арналған «Шәкәрім оқулары» атты ғылыми онлайн конференциясы өтті.

Университеттің Ғылым бөлімі ұйымдастырған онлайн жиынға Семей, Риддер, Аягөз, Курчатова, Алтай, Шарқалаларының, сондай-ақ Жарма, Глубокое, Бородулиха және басқа аудандары-

нан 100-ден аса мектеп пен колледждің студенттері мен оқушылары қатысты.

«Іс-шарабасты мақсаты жастарды ғылыми-зерттеу қызметіне тарту, үздік жетістіктерін көрсету және насихаттау» деп атап өтті ұйымдастырушылар.

Конференцияның бірінші кезеңін мектептер мен колледждер өздері өткізді.

Бірінші кезеңнің жеңімпаздары екінші университеттік кезеңде өз жұмыстарын ұсынды.

Дәстүрлі шараның қатысушыларын марапаттау рәсімі онлайн форматында өткен болатын.

Салтанатты марапаттау рәсімін



құттықтау сөзімен Радиоэкологиялық ғылыми орталығының жетекшісі, PhD А.Н.Кливленко ашты.

Шараның басты мақсаты оқушылар мен студенттерді ғылыми-зерттеу қызметіне тарту, үздік жетістіктерін көрсету және насихаттау, - деп атап өтті ұйымдастырушы комитет.

Үздік ғылыми жұмыстардың 5 секция бойынша қорытындысы төмендегідей:

I, II, III ДЕНГЕЙЛІ ДИПЛОМДАРМЕН:

«Ақпараттық технологиялар және инженерлік ғылымдар» секциясы

Айбек Болатбеков, Адлен Ролланұлы (ДББҰ Семей қаласындағы физика-математика бағыттағы «Назарбаев Зияткерлік мектебі»);

Светлана Калинкина (Экономикалық лицейі);

Медет Аманбаев (Электротехникалық колледжі);

Айбат Максұтханов, Ермек Тұрсынмұратов (Радиотехника және байланыс колледжі);

«Жаратылыстану ғылымдары» сек-

циясы

Алима Мәлік (Шығыс Қазақстан технология колледжі)

Анеля Чанышева, Мөлдір Тұнғышбаева (ЖОББМ № 11)

Маар Арина, Козловская Александра (Геологиялық барлау колледжі)

Софья Паршина (Мектеп-лицей Алтай қ.)

Амина Куанашканова (Н.Г. Чернышевский атындағы № 1 КММ)

Бахытжан Даниял, Шнайдер Зарима (Геологиялық барлау колледжі)

«Гуманитарлық-педагогикалық ғылымдары»

Жанерке Иманбаева (Ы.Алтынсарин атындағы № 37 гимназия)

Компанец Александра (Новопокровка орта мектебі)

Артем Паутов (№ 10 орта мектеп, Риддер қ.)

Нұрай Кулжамбекова (Геологиялық барлау колледжі)

Еркежан Советова (ШҚО ББ Аягөз ауданы бойынша білім бөлімінің № 5 ЖОББ) Анна Шимолина (Жарма технологиялық колледжі, Шар қ.)

«Қазақ тілі әдебиеті және журналистика» секциясы

Айнұр Мағұфарова (А.Ибраев атындағы ЖОББМ)

Айжан Сәрсенбекова (Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектеп-лицей)

Аружан Абулгожинова (Электротехника колледжі)

Зарина Құрманғалиева (Қарабұйрат мектеп-бақшасы)

«Орыс және шетел филологиясы» бойынша

Дмитрий Хорун (Новопокровка орта мектебі)

Арсен Скаков (Мектеп-лицей Алтай қ.)

Яна Лоренц (№ 3 арнайы мектеп-интернаты)

Асыл Сламбековалар (№ 4 КММ, Курчатова қ.) марапатталды.

Шығыс Қазақстан Технология колледжінің оқытушысы Айман Ташметова: «Колледждер мен мектептердің барлық басшыларының атына, бізге педагогикалық әлеуетіміздің дамуына және нәтижесін көруге мүмкіндік беретін жыл сайынғы Шәкәрім оқуларын ұйымдастырғандарыңыз үшін алғыс білдіремін».

Конференцияның барлық қатысушыларына сертификаттары мен тезистер жинағының топтамасы электронды пошта арқылы жіберілді.

Жансая ТӨЛЕУФАЗЫ,
журналист

«SHAKARIM SCIENCE -2021»



МОЛДАБАЕВА ЖАНАР КАЛИБЕКОВНА - и.о. директора Департамента науки

кандидат биологических наук (PhD), обладатель звания «Лучший преподаватель ВУЗа РК - 2019 года», независимый казахстанский эксперт для проведения государственной экономической экспертизы АО «Фонд науки», член учебно-методического объединения РУМС МОН РК по направлению

«Производство продуктов питания».

Научное направление: совершенствование безотходной технологии пищевых и перерабатывающих производств. По результатам научных исследований опубликовано более 170 научных публикаций, в том числе 5 учебных пособия, 4 монографии, 1 Евразийский патент, более 15 инновационных патентов РК, индекс Хирша в базе Scopus равен 4.

12 апреля в Казахстане является праздником – **День работников науки**.

Он установлен Указом Президента от 2011 года. Этот день связан с днём рождения человека, стоявшего у истоков организации научной деятельности в Казахстане. Об академике К.И. Сатпаеве – первом Президенте Академии наук Казахской ССР, который возглавил её в 1946 году.

Учёный-геолог Каныш Имантаевич Сатпаев (1899–1964 гг.) не просто стал первым Президентом Казахской Академии наук, а фактически создал Академию наук Казахской ССР. И сегодня в центре науки Казахстана стоит деятельность Национальной Академии наук Республики.

С 12 по 17 апреля в университете Шакарима проведена Неделя науки.

На факультетах и научных центрах проведено около 50 научных мероприятий. Также состоялось открытие лаборатории дуального обучения – KazDUAL с участием гостя вуза, Ахмед-Заки Дархана, ректора IT университета на базе центра международного сотрудничества университета.

Неделя науки проводилась по утвержденной программе.

12 апреля

С 8.00 на факультетах стартовали онлайн - кураторские часы «**Қазақстанда ғылым күні**». Объявлен конкурс научных достижений среди факультетов, ППС и магистрантов. В этот же день

была проведена выставка научных достижений университета «**Shakarim Inno – 2021**». На выставку приглашены партнеры университета такие, как АО «Семей инжиниринг», ТОО «Казахский научно-исследовательский институт пищевой промышленности», кондитерская фабрика ТОО «Кондиз», КГП «Ветеринарная служба города Семей», представители областного детского биологического центра, школы и гимназии города Семей, также выставку посетили все желающие, обучающиеся и ППС. Выставку посетили учащиеся школ и колледжей города Семей интересующиеся наукой.

13 апреля проведен конкурс постерных докладов «**Shakarim Poster Event-2021**» среди магистрантов и докторантов университета с целью активизации научных исследований обучающихся. Победители постерных докладов были определены заседанием независимой экспертной комиссии. Победители постерных докладов: Маутбекова Арайлым Сағындықызы – естественно-математического факультета, специальности 7М01503-информатика» за занятое 3 место; Умыржан Темірлан – инженерно-технологический факультета, специальности МТЭ-902-Теплоэнергетика» за занятое 2 место; Медведев Илья Сергеевич – инженерно-технологический факультета, специальности, 7М05101-Биология за занятое 1 место.

14 апреля проводились

29 секционных заседаний научной конференции молодых ученых на факультетах.

15 апреля центром международного сотрудничества проведен круглый стол «**Shakarim horizon – 2021**».

16 апреля в онлайн режиме организовано пленарное заседание научной конференции молодых ученых «**Shakarim young science – 2021**». На пленарном заседании выступили с докладом 5 студентов. С целью вовлечения учащихся школ и колледжей города в научно-исследовательскую деятельность 17 апреля проведена пятая городская научная онлайн конференция «**ШӘКӘРІМ ОҚУЛАРЫ-2021**».

С целью стимулирования ППС, сотрудников и обучающихся университета к активному занятию научной деятельностью, в рамках Недели науки был проведен **Конкурс научно-исследовательских достижений** – выявление лучшего факультета университета, лучшего ученого, лучшего молодого ученого и лучшего магистранта.

По результатам конкурса лучшими в 2020 году по научной деятельности стали:

- **Лучший факультет университета – инженерно-технологический факультет** (5175 баллов: патенты – 18, авторское свидетельство – 1, статьи КОКСОН – 56, индекс Хирша – имеют 28 преподавателей, статей с ИФ – 30, грантовые проекты – 4).
- **Лучший ученый – про-**

фессор Какимов Айтбек Калиевич – 625 баллов (в 2020 году – 1 проект, 4 патента РК, 2 статьи ИФ, 2 статьи КОКСОН, индекс Хирша – 5)

- **Лучший молодой ученый – доктор PhD Есимбеков Жанибек Серикбекович** – 1005 баллов (исполнитель проекта, индекс Хирша – 13, 8 статей ИФ, 1 статья КОКСОН)

- **Лучший магистрант – магистрантка 2 курса естественно-математического факультета специальности «Химия» Тилешова Сайра** – 110 баллов (1 патент, 1 статья КОКСОН, 1 статья в научном журнале).

В целом неделя науки в университете была насыщенной и интересной. По итогам недели запланировано выделение внутреннего гранта университета по 3 научным проектам:

- на усовершенствование 3Д принтера, работающего на основе FDM принципа и линии по выпуску филомента.

- на открытие ветеринарной аптеки на базе ветеринарной клиники университета «**AESCULARP**».

- на издание Атласа-определителя лекарственных растений ВКО.

И денежное поощрение по результатам конкурса «Үздік магистрант», «Үздік жас ғалым», «Үздік ғалым», за ученое звание ассоциированного профессора – ученым университета и ученую степень- молодым ученым университета.



ҒЫЛЫМ КӨКЖИЕГІНДЕ

Кез келген байқау – шығармашыл, ізденуші, бастамашыл адамға үлкен жігер беретіні белгілі. Осы орайда Жоғары Шәкәрім колледжінің оқытушылары студенттерді ғылыми-ізденіс, шығармашылық жұмыстарға баулып, қала, облыс, республика көлемінде әртүрлі байқауларға қатысуда.



қашықтық шығармашылық байқауына Жоғары Шәкәрім колледжінің 1 курс студенті А.С. Ковалева қатысып, шығармашылық жұмысы жоғары бағаланып 1-орынға ие болды.

Семей көп салалы колледжінің ұйымдастырылуымен өткен «Ұлттық болмыс-табысты ел болудың кепілі» облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциясына колледж студенттері қатысып А.Ковалева 1 орынға иеленсе, З.Турсынғалиеваның жұмысына Алғыс хат берілді.

Жүлделі орындарды иеленіп, байқауларда білімдерін шыңдап жүрген студенттерге шығармашылық табыстар тілейміз.

Шәкәрім университетінің Жоғары Шәкәрім колледжінің 1 курс студенті І.Сабырбаев қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы А.М. Қайырбаеваның жетекшілігімен «Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі» КМҚК-да өткен Ұлы Абайдың 175 жылдығына орай ұйымдастырылған «Ұлы Абай мұрасы-халық қазынасы» атты облыстық онлайн байқауына қатысып «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» номинациясында 2-дәрежелі дипломымен марапатталды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдық мерейтойына орай «Риддер көпсалалы колледжі» КММ ұйымдастырған «Тәуелсіздік таңдары» атты аймақтық

«ДАРЛИНГ» ӘДІСІН ҮЙРЕТТІ

Жоғары Шәкәрім колледжінің «Ветеринария» мамандығының арнайы пән оқытушылары озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқытуда педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы тиімді әдіс-тәсілдер мен әдіснамалық құралдардың жүйелі жиынтығымен жұмыс істеу жолдары арқылы студенттердің таңдаған мамандықтарына қызығушылықтарын арттыру мақсатында Қ.А.Алмасова «Паразитология және инвазиялық аурулар» пәнінен «Дарлинг әдісін» үйретіп студенттерге малдың нәжісінен сынама алғызып, микроскоппен гельминттердің жұмыртқасын және олардың бар-жоғын анықтатты. А.М. Мұқатаев «Акушерлік гинекология және көбеюдің биотехникасы негіздері» пәнінен тәжірибелік сабақта акушерлік гинекология саласында қолданылатын құрал-жабдықтармен жұмыс жүргізу әдістерін көрсетіп, қолдан ұрықтандыру жолдарымен таныстырды. А.Е. Сембай «Малдәрігерлік хирургия негіздері» сабағында хирургиялық операция элементтерімен таныстырып, Шәкәрім университетінің Ветеринарлық клиникасында тәжірибе жүзінде көрсетті. Барлық тәжірибелік сабақтардан болашақ ветеринарлық фельдшерлер мамандықтарының қыр-сырымен танысты.



Қоғам сұранысына сай студенттердің сапалы да саналы білім алуына ықпал етуші құралдарды пайдалануда ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды орындды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір оқытушының басты міндеті болмақ.

«КІТАП ӘЛЕМІНДЕ»



Шәкәрім университетінің Жоғары Шәкәрім колледжінде Ғылым күніне орай кітапханада студенттерге күнделікті рухани қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыруға, қалыптастыруға, арттыруға және тұлғаның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге арналған «Кітап әлемінде» атты көрме қойылып таныстырылды.

Көрмеге Елбасы Н. Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасындағы оқулықтар қойылды. Сонымен қатар, «Ойлаң, тап!» атты білімділер сайысы өтті. Студенттердің ғылыми тұрғыда ой-өрісін, ақыл-парасатын жан-жақты кеңейту, ғылымға қызығушылығын ояту, бейімділігін, шығармашылық қабілетін шыңдау мақсатында өткен шарада кітапхана қызметкері Қ.Рахимкулова түрлісайыстар, сұрақ-жауаптар арқылы оқытушылардың тіл байлығын, ойлау қабілетін, тілге деген шеберліктерін шыңдады. Білім додасында ұшқыр ойымен, білімпаздылығымен ерекшеленген сайыскерлер мақтау қағаздарымен марапатталды.

Осыдай игі шаралар студенттердің білімге, ғылымға деген ұшқыр ойларын шыңдап, келешекке кемел біліммен кемелдене түсері анық.



«QAZAQ AQBAS» ТҰҚЫМЫ - ОТАНДЫҚ БРЕНД

«Шәкәрім университеті» КеАҚ Ветеринария және агроменеджмент факультеті 2021 жылдың 5 сәуірі күні «QAZAQ AQBAS» тұқымы-отандық мал шаруашылығы бренді» атты дөңгелек үстел өткізді.



Суретте: «Qazaq aqbas» тұқымы Республикалық Палатасының атқарушы директоры Дәурен Матақбаев



Шара қонақтары: «Qazaq aqbas» тұқымы Республикалық Палатасы Кеңесінің төрағасы Қ.С. Сүлейменов, «Qazaq aqbas» тұқымы Республикалық Палатасының атқарушы директоры Д.А. Матақбаев, ШҚО бойынша «Qazaq aqbas» тұқымы Республикалық Палатасының атқарушы директоры Ж.Ш.Жексембаев, Семей аймағы бойынша «Qazaq aqbas» тұқымы Республикалық Палатасының аймақтық өкілі С.Е. Сүлейменов; ШҚО бойынша фермерлер одағының төрағасы, Ауыл партиясының облыстық мәслихаттың депутаты С.М. Байғалиев, Шәкәрім университетінің профессор-оқытушылар құрамы.

Дөңгелек үстелдің алғы сөзін Басқарма төрағасы - Ректор Бауыржан Ердембеков қазіргі таңдағы аграрлық факультет студенттерінің теориялық, практикалық тұрғыдағы білім деңгейін сөз ете отырып, ауыл шаруашылығына бағытталған

Республикалық Палаталармен теорияны өндіріспен ұштастыра отырып, дуалды оқыту жүйесін енгізілетінін айтты.

Қуаныш Сүлейменов өз сөзінде: «Qazaq aqbas» тұқымы Республикалық Палатасымен Шәкәрім университеті арасында бірлескен жұмыс істеп, университет қолдан ұрықтандыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыра алатындығына сенімдімін. Бұл жұмысты «Qazaq aqbas» фермерлерімен бірлесіп жүргізетін боламыз. Сонымен қатар, «Qazaq aqbas» аграрлық факультеттің студенттерін облыстың және еліміздің шаруашылық жұмыстарына тарту мүмкіндіктерін қарастырамыз», - деп, өзінің басты ойын білдірді.

Дәурен Матақбаев: «Студенттер теориялық тұрғыда білім алғанымен, тәжірибеге зәру болып жатады. Осы саланың қызу жұмысында тәжірибе жинау арқылы, білікті маман болу міндеті тұр. Сәуір айында бастау алатын «Асыл түлік»

жобасында университет студенттерімен бірге жұмыс жасағымыз келеді», - деді.

Дөңгелек үстел барысында, «Qazaq aqbas» тұқымы Республикалық Палатасы мен «Шәкәрім университеті» КеАҚ арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Шара соңында, университет ұжымының атынан мәртебелі қонақтарға құрмет көрсетіліп, университет шығарған кітаптар сыйға тартылды.

Қуаныш Сүлейменов:

Решить проблему фермеров, это важнейшая задача Республиканская Палата казахской белоголовой породы и начало решения с помощью сегодня намеченных целей, совместно с Университет города Семей, определено и заложено!

Кадровый вопрос по обучению и привлечению в сельское хозяйство, ветеринарных врачей, агрономов, зоотехников, это важнейшая задача на сегодняшний день, и поиск решения этой задачи надеюсь даст свои плоды!!

QAZAQ AQBAS-достояние республики!

ПОДПИСАН МЕМОРАНДУМ О СОТРУДНИЧЕСТВЕ

5 апреля 2021 года Университета Шакарима провел круглый стол на тему «Порода QAZAQ AQBAS - бренд отечественного животноводства».

Гости мероприятия: Председатель Совета Республиканской палаты породы "Qazaq Aqbas" Сулейменов К.С., исполнительный директор Республиканской палаты породы «Qazaq Aqbas» Матақбаев Д. А., региональный представитель Республиканской палаты породы "Qazaq Aqbas" по ВКО Жексембаев Ж. Ш., региональный представитель Республиканской палаты породы "Qazaq aqbas" по г.Семей Сулейменов С. Е., председатель Союза фермеров ВКО, депутат областного маслихата от партии «Ауыл» Байғалиев С.М.

С приветственным словом к участникам круглого стола обратился Председатель Правления-Ректор Ердембеков Б.А., отметив уровень знаний обучающихся аграрного факультета в теоретическом и практическом плане, особое внимание уделив внедрению дуальной системы обучения. Бауыржан Аменгельевич высказался за сотрудничество с Республиканской палатой породы «Qazaq Aqbas» для улучшения подготовки специалистов

по направлениям подготовки «Животноводство» и «Ветеринария».

Қуаныш Сулейменов:

«Уверен, что совместная работа Республиканской палаты породы Qazaq aqbas и Университета Шакарима принесет положительные результаты по многим направлениям, в т.ч. по искусственному осеменению животных. Эту работу будем проводить совместно с фермерами ВКО. Также рассмотрим возможности привлечения обучающихся Аграрного факультета к практической деятельности».

Дәурен Матақбаев:

«Студенты, получив теоретические знания, нуждаются в практическом опыте. Мы хотим работать со студентами Университета в разных отраслях экономики страны».

В конце круглого стола был подписан меморандум о сотрудничестве между Республиканской палатой породы "Qazaq aqbas" и НАО «Университет имени Шакарима города Семей».

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС - ОРТАҚ МІНДЕТ



2021 жылдың 16 сәуірінде Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің ШҚО бойынша бірінші орынбасары Ж.Е.Байдилдин бастаған делегация Shakarim University-не келді.

Екіжақты ашық диалог отырысына Басқарма төрағасы - Ректор Б.Ердембеков, университеттің құрылымдық бөлім басшылары, қаланың БАҚ өкілдері, сондай-ақ, делегация құрамындағы ШҚО әкімінің сыбайлас жемқорлық мәселелері бойынша штаттан тыс кеңесшісі, "Шығыс адалдық алаңы" жобалық кеңесінің жетекшісі М.Бахытқызы мен Семей адалдық алаңының жетекшісі Д.А.Дайрова қатысты.

Кездесу барысында Жігер Еркінбекұлы сыбайлас жемқорлыққа қарсы пилоттық бағыттар мен міндеттерді айқындайтын заңнамаларға тоқталып, Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігімен бірлескен ЖОО-дағы іс-қимыл шараларының бірқатарын атап өтті. Осы орайда «Адал білім», «Саналы ұрпақ» жобалары, «Адал ұрпақ» кеңселері тікелей ведомствомен жұмыс жасайтынын баяндады.

Университет ректоры Бауыржан

Амангелдіұлы өз сөзінде, ЖОО-да сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін негізгі себептер мен жағдайларға тоқталып, алдын алу кешенді шаралары бойынша білім ордасында Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл уәкілдігінің үздіксіз жұмыс істейтінін және білім алушылардан тұрақты түрде анонимді сауалнамалар алынатынын хабарлады.

Шара соңында Ректор Б. Ердембеков: «Мұндай кездесулерді өткізу үшін университеттер ең пайдалы алаң. Соның ішінде Шәкәрім университеті - Сіздердің ШҚО-дағы бас алаңдарыңызға айналатын болады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиялық шараларды бірге жүзеге асыруға атсалысатын Шәкәрім университетінің есігі Сіздер үшін қашанда ашық», - деп қорытындылады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес - күн тәртібіндегі өзекті мәселе. Қоғамның ілгері дамуына кедергі келтіретін болашағына балта шабатын жемқорлық індетін жоюға әрбір қазақстандық үлес қосуы тиіс!

Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ,
журналист

16 апреля 2021 года Председатель Правления-Ректор Ердембеков Бауыржан Амангельдиевич встретился с генеральным директором РГП «Национальный ядерный центр РК» Батырбековым Эрланом Гадлетовичем.

ШАКАРИМ – ТЕРРИТОРИЯ НАУЧНОГО РАЗВИТИЯ

В ходе встречи Бауыржан Амангельдиевич с Эрланом Гадлетовичем решили вопросы учебных занятий магистрантов и докторантов, проходящих практику студентов на базе НЯЦ РК, а также их стажировок. Рассмотрели вопросы о продлении контракта с кафедрой филиала «Техническая физика и теплоэнергетика».



После этой встречи в диссертационном совете технических специальностей университета Шакарима по защите работ началась защита диссертации докторантом специальности 6D072300-«Техническая физика» Сураевым Артуром Сергеевичем по теме «Исследование характеристик расчетной модели газоохладителя реактора с водным замедлителем» на соискание степени доктора философии (PhD).

В ходе защиты состоялась широкая дискуссия среди членов диссертационного совета. Установлена актуальность темы, научная новизна, теоретическая и практическая значимость.

В число научных консультантов работы вошли доктор физико-математических наук, профессор, главный научный сотрудник РГП «Национальный ядерный центр РК» Скаков Мажан Канапинович и доктор физико-математических наук, профессор, генеральный директор РГП «Национальный ядерный центр РК» Батырбеков Эрлан Гадлетович.

Доктор инженерии, профессор Вроцлавского политехнического университета Виелеба Войтек заседал в диссертационном совете в качестве зарубежного консультанта.

Присутствовал рецензент Алимгазин Алтай Шурумбаевич, д. и. н., профессор Евразийского национального университета им.Л. Н.Гумилева. А рецензент Сергей Борисович Кислицин дистанционно наблюдал за защитой диссертации.

В состав диссертационного совета вошли отечественные и зарубежные ученые:

Батырбеков Э.Г. – д.ф.-м.н., академик НИА РК, профессор кафедры «Техническая физика и теплоэнергетика» Университета им. Шакарима г. Семей, генеральный директор РГП «Национальный ядерный центр РК»; Цой А.П. – к.т.н., доцент, профессор АТУ, Академик Международной академии холода;

Витюк В.А. – PhD, ученый секретарь РГП «Национальный ядерный центр РК»;

Шингисов А.У. – к.т.н., академик Международной академии холода, доцент Южно-Казахстанского государственного университета им. М.Ауэзова;

Елистратов С.Л. – д.т.н., профессор ФГБОУ ВО НГТУ;

Степанова О.А. – к.т.н., доцент, член-корр. Международной академии холода, зав. кафедрой «Техническая физика и теплоэнергетика» Университета им. Шакарима г. Семей – ученый секретарь;

Ерыгина Л.А. – PhD, ученый секретарь Филиала «Институт атомной энергии» РГП «Национальный ядерный центр РК»;

Паримбеков З.А. – к.ф.-м.н., доцент, кафедры «Техническая физика и теплоэнергетика» Университета им. Шакарима г. Семей.

ОҚУ ҒИМАРАТТАРЫНА СЕНІМ ЖӘШІКТЕРІ ҚОЙЫЛДЫ

Шәкәрім университетінде білім алушылардың, ата-аналардың, университет қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа және университет ішіндегі қызмет көрсету сапасына қатысты шағымдарын қарастыру мақсатында «Сенім жәшігі» өз жұмысын бастады.

Әдеп және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкіл – Мұхтар Абдикакимов пен Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің директоры - Мақсат Карибаевтың бастамасымен Сенім жәшіктері университеттің барлық оқу ғимараттарының бірінші қабатына орналастырылды. Сенім жәшігіне уни-



верситет ішіндегі сыбайлас жемқорлыққа, п а р а қ о р л ы қ қ а , академиялық адалдық ережесінің бұзылуына, не жалпы ішкі тәртіптің бұзылуына қатысты шағымдар түсіруге болады.

«Сенім жәшігі» аптасына бір рет Әдеп Кеңесі мүшелерінің қатысуымен ашылады. Келіп түскен ұсыныс-өтініштер, арыз-шағымдар журналға тіркеліп, университеттің ресми сайтында жауаптар беріледі.

Сенім жәшігіне қатысты шағымның жазылу үлгісі мен оған түсетін шағымдарды қарастыру ережелері туралы ақпарат жәшіктің сыртында көрсетілген.

«ЖУРНАЛИСТ – ӘМБЕБАП



Жанжігіт ОМАРХАН
журналист, ҚР Ауыл
шаруашылығы министрінің
баспасөз хатшысы

– **Жанжігіт аға, журналистиканы таңдауыңызға не себеп?**

– Осы сұрақты өзіме жиі қоямын. Өйткені, өмірлік маңдайыма жазылған мамандығым – менің паспортым десе де болады. Адам өмірде екі нәрседен қателеспеу керек дейді. Соның бірі – мамандық таңдау. Осы тұрғыдан алғанда өзімді бақытты адаммын деп есептеймін. Журналистикамен өмір сүрем, тіршілік етемін, таң атырам, күн батырам. Мұның сыры неде деп сұрасаңыз, менің туған жерім, өскен ортам, ауылым, оның көркем табиғаты – барлығы осы мамандыққа бала кезімнен баулығандай болып көрінеді. Біздің ауыл Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданында таулардың арасында, сайлардың сағасында, Талдыбазар, Боғас дейтін өзендердің жағасында орналасқан алақандай Үштөбе деген ауыл. Сол жердің тасын таптап, топырағына аунап өскен – біздің балалық бал-шырын шақ қой. Ес біліп еңбектегенімнен бастап әжемнің етегіне оралып ертегісін тындап өстік. Қазір көп жерде, көп елде, көп төрде болып жүреміз, кейде ойлаймын ауылымның адамдары таза кітаптың тілінде сөйлейді екен ғой деп. Себебі, біздің жақта көркем сөзді, мәдениетті де мәнерлі сөйлеуді ешкім үйретпей-ақ бала ойнап жүріп, өз ортасында үйренеді. Ауылдың адамдары далада ат үстінде қой бағыпқонышына бір кітабын қыстырып алып жүретінін көріп өстік. Бұл – бір сыры.

Тағы бір сыры өкем қарапайым еңбек адамы болған жан. Бір әңгімесінде, сексенінші жылдардың басында мектеп бітірген соң пединститутқа қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына емтихан тапсырған екен. Сәті болмаса керек, филологияға қолы жетпей техникалық мамандықты місе тұтып соны оқыған. Оқуын тәмамдап әскерден келген соң мамандығы бойынша өнді жұмыс істеп бастап, үйленген шағында ауылдағы ата-ана қарашаңыраққа қайт деп хабар береді. Содан ауылға келіп үлкен үйге еге болып, қартата-анасын бағып олардың өмірінің соңына дейін қызмет етіп қоңырқай тіршілік кешті. Амал нешік, әкесі

салған үлкен үйдің босағасынан былтыр өзі де жер ортасы жасына өнді жеткенде келместің кемесіне мініп мәңгілік мекеніне кете барды. Бала кезімде өкемнің сол бір емтиханнан құлаған әңгімесін естіген соң, саралай келе «ол шықпаған биікке шыққым келеді».

Мектеп қабырғасында сөз өнері бойынша сайыстарға жиі қатысатынымын. 9 сыныпта оқып жүргенімде жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін «Абай оқулары» байқауына барып аудандық, облыстық жарыстарында жеңімпаз атандым. Сол сәтті сапар барысында облыстық білім басқармасындағы мамандар Өскемен қаласындағы «Қазақ-түрік лицейіне» немесе Алматыдағы «Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын №2 мектеп-интернатына» баруға болатыны туралы кеңес берді. Ауылдан шықпаған бала үшін Алматының аспанын көру үлкен арман ғой. Үйге келіп ата-анама айтып өдім «Алматыға барғаның дұрыс қой», – деп қолдау көрсетті. 10-11 сыныптарды аталмыш интернаттан тәмамдадым. Ол мектептің табалдырығы құтты, қазіргі қазақтың ақпарат айдынында жүрген журналисттердің 70 пайызы сол шаңырақтың түлектері. Онда керемет ұстаздардың тәлімін алдым. Бірге оқыған қаншама жайсаң жігіттермен бүгінде шаңырақ дос болып араласамын. Иіп тірескен Алматыда мектепті бітірген соң, Құдай қолдап, дәм тартып Ертістің жағасына, Семейдің қаласына Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетке 2005 жылы журналистика мамандығына 1 курсқа түстім.

– **Биіктен көрініп жүрген Сіздей шәкірттердің ұстаздары да осал болмағаны анық. Үлгі тұтқан ұстаздарыңыз бар ма?**

– Биіктен көріну деген сөзге тоқталғым келіп тұр. Әр адамның өз биігі бар ғой. Адам өмірдегі биігін мамандығымен, мансабымен, атақ-абыройымен емес, адамгершілігімен алып жүреді деп ойлаймын. Себебі, көп адамдармен араласамын ол құрылысшы болсын, ол мұғалім немесе техник т.б. болсын әрқайсының өз биігі бар. Олардың биігін өмірді түсіну өресімен бағалаймын. Әрбір адамның бойындағы адалдық, көркем мінез, өмірге деген іңкәрлік – осының бәрі оның шынайы биігі болып саналады.

Ал, сіздің айтып отырғаныңыз қызметтегі, мамандығымыздағы жеткен жетістігіміз болса, ол – әркімнің өзінің ізденісіне, талпынысына, қабілетіне қарай беріліп тұрған өмірдің бағасы. Әрине, көптеген мықты мұғалімдерден тәлім алдым, оқыдым, дипломым бар. Бірақ сонымен масаттанбай, мен осындай мұғалімнің шәкірті өдім деп біреудің алдын барып міндетсініп кеуде керіптүрмеймын ғой. Керісінше, біз сол ұстаздарымыздан алған тәлім-тәрбиені, бойымызға жинаған жақсы қасиеттерді аманат ретінде қабылдап, қиянат жасамай өмірде қолдануымыз қажет.

Түсінген адамға өмірдің өзі ұстаз ғой. Кейде өткен шақты ой елегінен өткізіп отырып, сағыныш болып сағымға сіңіп

бара жатқан сәттерді жиі есіме аламын. 6-7 жасқа толғанымда өкем атқа мінгізіп үйретті. Ат үстінде отыруды, тізгінді тартуды, қамшы ұстауды құлағымға құйды. Бір жерге барса, жолдастарымен жайлау араласа қасына жеке атқа мінгізіп мені ертіп алатын. Көбіне топтың алдында жүруімді, атымның басын қатарынан оздырып отыруды, тақымды бос ұстамауды, ертоқымның қос айылының босап кетпеуін қайталап ескертіп отыратын. Жігіт жақсы ат міну керек және оны дұрыс жүргізу керек дейтін. Соның бәрі маған өмірлік сабақ болғандай. Кейін үйден ұзап оқу оқып ата-анамнан алыста жүргенде, қаладан-қалаға қызмет ауыстырғанда, жауапкершілігі жоғары шешімдер қабылдағанда ту сыртымнан өкем қарап тұрғандай сезім болатын. Қатарымнан қалмауды, діндеген мақсатқа жетуді, жинақы жүруді үйреткен қайран өкем қазір қасымда жоқ. Бірақ, әр сәт сайын кез келген қимылымды қалт жібермей көктен бақылап тұрғандай сезіледі. Сондықтан үнемі алға ұмтылып дұрыс жүруді перзенттік парыз санаймын.

Байқаған шығарсыз өмірлік ұстаздарымның басында өкем тұрады. Ал ұлт руханиятына үлес қосып жүрген кез-келген қазақтың жанашыр азаматын ұстаз тұтамын. Олардың айтқандарын тыңдаймын, жазғандарын оқимын, тоқимын. Алматыда мектепте қазақсатирасының саңлағы болған атақты Үмбетбай Уайдин ағамыз бізге «журналистика» деген пәннен сабақ берді. Айына бір рет өзінің замандас, қаламдастарымен кездесу ұйымдастыратын. Ұстазымыздың арқасында Әзілхан Нұршайықов ағамызбен бірнеше рет кездестік. Әрбір журналист осы Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» кітабын оқуы керек деп есептеймін. Себебі, Бауыржандай қаһарлы батырдан ебін тауып сұқбат алу екінің бірінің қолынан келмейді. Сол биікті бағындырған қазақтың асқақ жазушысы Әзілхан Нұршайықов ағамыз еді. Ол кісі де біздің ұстазымыз.

Енді, университеттегі кезеңде біздің орта, біздің буын ең бақытты жандар болды, оны үнемі айтып отырамын. 2005-2009 жылдардың арасы біздің студенттік тәтті кездеріміз. Студенттік өміріне тырнақтай өкпесі жоқ бір адам болса, ол – менмін. Оған себеп қасымдағы алтын достарым және керемет ұстаздарым. Журналистиканың қыр сырын үйреткен Дәулет Тілеуберді ағамыз, Бибігүл Жұмашқызы куратор-анамыз, Айжан Сапарқызы әпкеміз. Бұл жандардың есімі әмсеменің ұстазым деген қатарда алтын өріппен жазылады. Дүниенің қай бұрышында жүрсем де, қызметтің қай сатысына барсам да қымбат уақытын қиып, білім үйреткен ұстаздарыма деген құрметім үнемі биік болмақ.

– **Журналистика саласына бет бұрғаныңызға 12 жылға жуықтап қалды. Осы жылдар ішінде еңбеңізде болған өзгерістер туралы айтып өтсеңіз?**

– 2009 жылы оқуды тәмамдадық. Қалтамызға қалпақтай қызыл дипломды салдық. Студенттік шақтың күесі болған Семей дейтін ғажап қаланы әзер қиып Астана қайдасың деп тартып тұрдық.

БОЛУЫ ҚАЖЕТ»

Тамылжыған тамыз айының жиырмасынан асқан кез, оқып жүріп жұмыс істеп, жұмыс істей жүріп оқыған шағымызда тапқанымыздың басын құрап алған көлігім бар еді, соған үш костюм шалбарымды тиіп, қасыма жолсерік қылып бір досымды ертіп жолға шықтым. Елорда елдің жүрегі болғанымен ешқандай туысым жоқ қала. Өзімнен бір курс бұрын бітірген Мейрам деген аға-досыма арқа сүйеп, солармен бірге бір пәтерде тұруға бел байлап келгем Қараөткелге. Аллаға шүкір, жаман болған жоқпыз. Алғашында алдымыз бұлтты күндей бұлыңғыр болып көрінгенмен күн өткен сайын Астананың тұманы сейіліп мақсат-мұраттарымыз айқындала берді. Келген соң Астана телеарнасында жүріп жатқан кастингке қатыстым, үш стажердің бірі болып сынақ мерзімінен өтіп жұмысқа қабылдандым. Екі жыл сол жерде жұмыс істеп, оң-солшымызды танып, тәжірибеміз толысып қалды деп жүргенде «Қазақстан» ұлттық арнасының «Иман айнасы» бағдарламасын жүргізуге шақырту алдым. Оны төрт жылдан астам тізгіндедім, одан «Еуразия» телеарнасында ток-шоу форматында бір бағдарлама жүргіздім. Жұмыс істей жүріп Еуразия ұлттық университетінде магистратура оқыдым. Оны бітіргеннен кейін мемлекеттік қызмет саласында бағымды сынағым келіп, өңірдегі жұмыс тәжірибесінен өтсем деп Жамбыл облысының Өңірлік коммуникациялар қызметінде бір жылдай жұмыс атқардым, сол мекемені басқардым. Ол жақта жыл жаңартып аттың басын Астанаға қайта бұрып «ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясының баспасөз қызметіне жетекші болып келдім. Министрліктің ішкі жүйесіндегі тәртіпті танығым келіп жүргенде Ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Кесікбайұлы ұсыныс жасап баспасөзіннің тізгінін ұстатты. Шүкір, бұл жерден де бір жарым жылдық тәжірибе қоржынымда тұр. Аталмыш орында алда атқарар жұмыстарым мен жоспарларым көп.

– Қазір ауыл шаруашылығы министрінің баспасөз хатшысы болып қызмет істеймін деп айттып отырсыз. Бүгінгі баспасөз хатшылығындағы ақпарат қаншалықты қолжетімді? Баспасөз хатшысы журналист пе, әлде мемлекеттік қызметкер ме?

– Өте жақсы сұрақ. Біз мемлекеттік мекеме бола тұра оққашан ақпаратта ашық саясат ұстанамыз. Оған дәлел кез-келген журналистің сауалы ешқашан жауапсыз қалған емес. Қашанда біздің сала бойынша айтылған жақсылы-жаманды жаңалықты өзіміз бірінші хабарлауға тырысамыз. Ресми сайтымыз, әлеуметтік желілерде жедел және тұрақты ақпарат тарататын парақшамыз бар.

Баспасөз хатшысы журналист пе, мемлекеттік қызметкер ме деген сауалға тоқталар болсақ. Осы жерде біз үшін ұтымды тұсыжурналистиканы да, өңір тәжірибесін де, мемлекеттік

қызметтің этикасын да білетініміз болып тұр. Журналистерден сан мыңдаған сауалдар келеді. Алдымен оған журналистік көзқараспен қарап, оның қандай ақпарат беріп, не айтқысы келгені, жолдаған сұрағына қандай жауап күтетінін айқындап аламын. Кейбір сәттерде өздерімен кеңесіп, дайындағалы отырған материалы арқылы тағы қосымша ақпарат беруге болатынын айтып жіберетін де кездерімде болады. Өзіңіз сұрап отырғандай ашықтық деген осы шығар.

Бір білетінім дәл қазір баспасөз хатшыларына сұраныс өте жоғары. Біз ақпарат ғасырында өмір сүріп жатырмыз. Кімнің ақпараттық саясаты сапалы сол жеңіске жететін шақ. Мұны ары қарай дамытуымыз керек. Мүмкін алдағы уақытта журналистиканың бір бағыты қылып «баспасөз хатшысы» дейтін арнайы мамандыққа студенттерді баулып оқыту керек шығар. Бұл ұсынысты уақыттың еншісіне қалдырайық.

– Қазіргі жас буынға көңіліңіз тола ма?

– Өзімде жаспын ғой (күлді). Жас буын қашанда өзінің жақсы энергиясымен, құлшынысымен, құштарлығымен кез келген жерді баурайды. Олармен жұмыс істеу керекпіз. Алдымызға іс-тәжірибеден өтем деп келген мамандар болса, біз қолдан келгенше көмектесеміз. Кейін маман болып қалыптасуына септігіміз тисе деп ойлаймыз. Сондықтан, жас буынға оққашан көңілім толады. Жастардың бойындағы асаулық, ерке мінез – мұның бәрі қай қоғамның болсын, қай заманның болсын талабына сай.

– Жас журналисттерге қандай кеңес бересіз?

– Сіздерге айтқым келетіні, қазіргі берілген мүмкіндіктің бәрін тиімді пайдаланыңыздар. Кітап оқыңыздар, технологиялық, цифрлық білімдеріңізді толықтырып, танымдарыңызды кеңейтіңіздер. Тіл үйреніңіздер. Мәтін жазумен ғана шектеліп қалмай, дизайнерлік графикаларды жасай алатын, сюжетін өзі монтаждай алатын журналист болыңыздар дегім келеді. Сонда заманның талабына сай, бәсекеге қабілетті маман боласыздар. Сәттілік тілеймін.

– Сұқбатыңыз үшін көп рақмет! Шығармашылық табыс тілеймін!

Әңгімелескен
Зарина КӘП
«Журналистика»
мамандығының
студенті



ШӘКӘРІМГЕ 100 ТҮП ҚАРАҒАЙ ӨСКІНІН СЫЙҒА ТАРТТЫ

«Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваты Шәкәрім университетінің Ветеринария және агроменеджмент факультетіне, ЖОО аумағын көгалдандыру үшін 100 түп қарағай өскінін сыйға тартты. Бұл игі іс-шара университет пен «Семей орманы» арасындағы көктемгі ағаш отырғызу науқаны аясында жүзеге асырылды.

«Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваты баспасөзінің мәліметі бойынша:

Өңірдегі орман алқабын толықтыру мақсатындағы көктемгі ағаш отырғызу науқаны сәуір айының ортасында бастау алып, бүгінгі күнге дейін: *Беген - 201, Долон - 84, Жаңасемей - 238, Новошұльба - 18, Морозов - 187, Семей филиалы - 136 гектар* жерді қамтып үлгерген.

Шәкәрім университеті де өз аумағына тиесілі жерлерге ағаш отырғызу шарасын бүгінгі күннен бастап қолға алмақ. «Семей орманы» резерватының базасында «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттер жыл сайын орман ресурстарымен жағдайымен танысып, іс-тәжірибе барысында ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

**Айнұр Қойгельдинова
Ветеринария және агроменеджмент
факультетінің декан м.а.**

«Ветеринария және агроменеджмент факультеті «Семей Орманы» резерватымен өте тығыз қарым-қатынаста. «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын студенттеріміз өндірістік практиканы «Семей орманы» МОТР бөлімшелерінен өтеді. Біздің мақсатымыз университет ғимараттары аумағын - көгалдандыру. Қазір 100 түп өскінді әр ғимараттарға тарату жұмыстарын жүргізіп жатырмыз».

Айта кетейік, университетке сыйға тартылған өскін «Семей орманы» резерватына қарасты Жаңасемей филиалында питомник әдісімен өсірілген (питомник - өсімдіктердің екпе көшеті мен тікпе көшетін, сонымен қатар жануарлардың жаңа түрлерін шығарумен айналысатын шаруашылық; ғылыми-зерттеу немесе тәжірибе мекемесіндегі ауылшаруашылық өсімдіктерін өсіруге, көбейтуге арналған телім түрі).

Шәкәрім университеті «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерватының басшысы Әшім Арыңұлы Белбееттің ұжымына шексіз алғысын білдіреді.



ТЕАТР КҮНІ



Басқарма төрағасы-Ректор Бауыржан Амангелдіұлы Ердембековтің бастамасымен университетіміздің профессор-оқытушылар құрамы, құрылымдық бөлім қызметкерлері және студенттері «Дариға-ай» жастар театрының қойылымын тамашалады.

Қоюшы режиссер Жұлдызбек Жұманбайдың вальс королі - Шәмші Қалдаяқовқа арнаған композитордың өмірі мен шығармашылығы, сондай-ақ, әндерінің шығу тарихынан сыр шертетін «Бар қазаққа ән салдырған – Шәмші» спектакль-концерті университет көрермендерінің жүрегіне жол тартты.



Спектакль-концертті тамашалаған оқу ордасының ректоры Бауыржан Амангелдіұлы «Дариға-ай» жастар театрының ұжымына өз игі тілегін білдірді: «Бүгін міне біз «Дариға-ай» театрында Шәкәрім күндерін атап өтудеміз. Бұл болашақта үздіксіз үрдіске айналу керек деп ойлаймын Біздің рухани азығымыз - театрда... Шәмші – қазақ деген халыққа, ал халық Шәмші деген алыпқа айналды. Шәмшінің өмірі мен шығармашылығы насихатталған сайын жаңғыра береді, жаңара береді. Шәмшінің атын жаңғыртқан «Дариға-ай» жастар театрының ұжымына шексіз алғысымды білдіремін! «Дариға-ай» театры мен Шәкәрім университетінің арасындағы алтын көпірді нығайта беретінімізге сенімім мол. Келгендеріңіз үшін рақмет!».

Спектакль-концертті тамашалаған оқу ордасының ректоры Бауыржан Амангелдіұлы «Дариға-ай» жастар театрының ұжымына өз игі тілегін білдірді: «Бүгін міне біз «Дариға-ай» театрында Шәкәрім күндерін атап өтудеміз. Бұл болашақта үздіксіз үрдіске айналу керек деп ойлаймын Біздің рухани азығымыз - театрда... Шәмші – қазақ деген халыққа, ал халық Шәмші деген алыпқа айналды. Шәмшінің өмірі мен шығармашылығы насихатталған сайын жаңғыра береді, жаңара береді. Шәмшінің атын жаңғыртқан «Дариға-ай» жастар театрының ұжымына шексіз алғысымды білдіремін! «Дариға-ай» театры мен Шәкәрім университетінің арасындағы алтын көпірді нығайта беретінімізге сенімім мол. Келгендеріңіз үшін рақмет!».



Гүлсара БЕРІҚХАНОВА
Жаратылыстану-математика факультетінің декан м.а.

«Дариға-ай» театрының туындысы көңілімізден шықты. Айтар ойы бар бірегей туынды арқылы қазақ вальсінің королі атанған Шәмші Қалдаяқовтың өмірі мен шығармашылығын бір сәтке көз алдымызға елестете алдық. Басқарма Төрағасы - ректор Бауыржан Амангелдіұлына алғыс білдіреміз!»



Айгүл БАУЫРЖАНОВА
Инженерлік-технология факультетінің декан орынбасары

«Қазақ вальсінің королі Шәмшіні білмейтін жан жоқ шығар. Бала кезімізден Шәмшіні тыңдап өстік. Шәмшінің шығармашылығынан әлі де нәр алып келеміз. Кейінгі өскелең ұрпақ, әсіресе студент жастар тау тұлғаны білім өссе екен деймін».

Рухани эстетикалық тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылатын Шәкәрімдіктердің театрдағы күндері алдағы уақытта да өз жалғасын таба бермек!

ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК АНЫҚТАЛДЫ



Шәкәрім шаңырағында Семей өңірінің тумасы, «ASSYLTA» қоғамдық қорының басшысы Дулат Тастекеев пен Басқарма төрағасы - Ректор Бауыржан Амангелдіұлы Ердембековтің қолдауымен «ASSYL DOMBYRA» айтыскерлер сайысының облыстық іріктеу кезеңі өтті.

Дүлдүлді додада Шығыс Қазақстан облысының әр түкпірінен жиналған белді айтыскерлер бақ сынасты. Мықтылар сынға түскен шараға танымал ақын Ринат Зайытов арнайы келді. Сондай-ақ Дәулет Сметов бастаған айтыскер ақындар: Қарлығаш Әубәкірова, Серәлі Мұхамедсадық және Қазақстан жазушылар одағының Семей өңірлік филиалының директоры Мерей Қарт төрелік етті.

«Бұл айтыстың ерекшелігі – көрермендердің жеребе суыру арқылы ақындарды таңдап, ешқандай тақырыпсыз тек шаппа-шап, суырып салма өнерлерін бағалау», - деп атап өтті ұйымдастырушылар.

Сайыста оза шапқан Жасұлан Мақаев пен Қуаныш Еркінұлы Алматы қаласында өтетін дәстүрлі «ASSYL DOMBYRA» республикалық айтыскерлер сайысына жолдама алды.





ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ-САНИТАРИЯ - ҚОҒАМ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ

Ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ветеринария қызметкерлері көптеген жауапты жұмыстар атқарады. Ветеринариялық санитария қызметкерлерінің жанкешті, адал еңбегінің арқасында сапалы да, биологиялық тұрғыдан қауіпсіз өнімдер алынып, әлеуеті артып келеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Қ.Тоқаев «Ветеринария - ел қауіпсіздігінің түбегейлі бір саласы, оған аса ыждақаттылықпен, жауапкершілікпен қарап, ерекше назар аудару қажет» деп айтты.

Ветеринария дәрігерлері жануарлардың денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді, жұмыстарының бар күш-жігерін таза өнім алуға жұмсайды. Сондықтан да, еліміздің өркендеуіне ветеринария қызметкерлерінің қосар үлесі ерекше.


Адамдар жануар, құс, балық және тағы да басқа ауылшаруашылық өнімдерін тағам ретінде жиі қолданады. Құс жұмыртқасы мен төрт түлігіміздің сүтін пайдаланады, мал терісі, жүні, құс қауырсыны мен мамығын кеңінен қолданып шикізаттар алады. Жоғарыда келтірілген өнімдерді қолдану адам әлеуетінің жоғары болуына әсер етеді.

Ал осы өнімдердің сапасы қандай болу керек десе, бұған ветеринариялық санитария дәрігері жауап береді. Бұл өте қажетті мамандық. Кейігі кезде ветеринариялық санитария дәрігері керегі жоқ, оны ветеринариялық мал дәрігері де атқара алады деген жансақ пікірлер тууда. Ол өте қате пікір. Қазіргі заманғы талаптарға байланысты мамандарды даярлайтын оқу бағдарламалары өзгеше сипатта. Ветеринариялық санитария мамандығы бойынша хирургия, ішкі жұқпалы емес аурулар, акушерлік және гинекология және тағы да басқа пәндерді толыққанды оқымайды. Ал керісінше ветеринария дәрігері негізгі осы пәндерді оқиды да, ветеринариялық санитария, ветеринариялық-санитариялық сараптау және басқа да пәндерді толықтай меңгермейді. Ветеринария мамандарының бұлай бөлінуі қабылданған ветеринариялық заңға сәйкестенген және ветеринариялық заңнамада өте дұрыс көрсетілген. Жалғыз ветеринария дәрігерінің мойнына орасан мол жұмысты артып қоюға болмайды. Әр істе өзінің маманы болуы керек, жалпақ шешей болаудан қашуымыз керек.

Қазіргі нарықтық кезеңде, ауыс-күйіс дамыған заманда ветеринариялық санитария дәрігерінің жұмысы күрделене түсуде. Қазіргі үрдіс алған ағым бойынша ветеринария мамандығы ғана болу керек деген ұғым өте қате ұғым. Ветеринариялық санитария мамандығын ашу бір ғана адамның пікірі емес, ол қоғам сұранысынан пайда болды. Жоғарыда айтылғандай, техника мен технологияның дамып, алыс – жақын шет елдермен байланыс белсенді түрде дамып жатқанда, Қазақстан БСО еніп, Кеден одағы құрылып, мемлекеттер арасында азық-түлік өнімдері емін-еркін алмасуы қажет. Оған қажетті нормативті құжаттар жасалынып кеңінен қолдануда. Бұл кезеңге де ветеринариялық санитария дәрігерінің ролі өте жоғары. Кеден ұйымына енген мемлекеттердің

ортақ стандарттары мен регламенттері болады. Осы бес елдің өнімдерге қойылатын талаптарын білу және орындау, әсіресе, ауылшаруашылық өнімдерінің сапасы мен биологиялық қауіпсіздігін анықтау, шет елге жіберу және республика аумағына енгізу ветеринариялық санитария дәрігерлерінің құзіретінде.

Мемлекет ішінде де ветеринариялық санитария дәрігерлерінің атқаратын қызметі жетерлік. Індетті және инвазиялық аурулардың алдын алу, мемлекеттік ветеринариялық бақылау, Қазақстан аумағына індетті және экзотикалық ауруларды енгізбеу, мал шикізаты өнімдерін тасымалдаудағы ветеринариялық қадағалау, базарлардағы ветеринариялық санитариялық бақылау, ветеринариялық препараттарды, азықты және азық қоспаларын мемлекеттік тұрғыдан бақылау, адам мен жануарларға ортақ аурулардың болуын есткертү және оларды жою, мемлекеттік бақылауға жататын адам мен жануарлар организміне қауіп төндіретін өнімдерді аластау, залалсыздандыру және жою шаралары, ветеринариялық санитариялық нысандардың санитариялық



және биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Яғни қоршаған орта адам мен жануардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін болсақ, ел қауіпсіздігіне де қосар үлесіміз орасан зор болады.

Бір мысал келтірейік, әлемді жайлаған Covid-19 вирусының таралуына елдегі санитариялық жағдайдың төмен болуы себеп болуда. Мекемелердің санитариялық талаптарға сай келмейтіні осы кезде нақты байқалды. Ауруды ауыздықтай алмадық, өйткені профилактикалық алдын-алу шараларына жете көңіл бөлінбеді. Оның маңыздылығына аса назар аударылмады. Соның салдарынан қаншама адам ауруға ұшырап, көз жұмды. Бұл бір ғана вирустың әсерінен келген жағдай. Бұл біздің медицина саласының шарасыздығы. Ал ветеринарияда көптеген індетті аурулардың қоздырғыштарын таратпау, малдар мен адамдарға жұқтырмау үшін қаншама еңбек жасалынады. Сол еңбек дұрыс бағытта жүргізіледі ме? Әлде үйреніп қалған әдісімізбен қолда не бар соны атқарып жатырмызба? Жоғары санаттағы санитария болуы үшін үлкен қаражат керек қондырғылар қажет. Ол бізде жоқ деп қол жайып отыра беремізбе?

Қолда бар мүмкіншіліктерімізді толықтай пайдалана отырып, ветеринариялық санитария мамандарын даярласақ, ветеринариялық санитарияға шынайы көзбен қарасақ, ел қауіпсіздігінің бірегей саласының бір проблеммасын шешер едік...

Серғазы ДҮЙСЕМБАЕВ,
ветеринария ғылымдарының докторы,
профессор

«УНИВЕРСИТЕТ-МЕКТЕП: ӨҢІРЛІК ЖҮЙЕДЕГІ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР»

Шәкәрім университетінің ректоры Б.А.Ердембеков пен Семей қаласы білім бөлімінің басшысы Н.А.Фесенконың мектеп пен университеттің өзара әріптестік байланыстарын арттыруға бағытталған кешенді жоспарлары жүзеге асырылып келеді.

Басқарма төрағасы - Ректор Бауыржан Амангелдіұлының қолдауымен Шәкәрім шаңырағында «Университет-мектеп: өңірлік жүйедегі интеграциялық байланыстар» тақырыбындағы әдістемелік семинардың алғашқы отырысы өтті.

Аралас форматта ұйымдастырылған семинарға Семей қаласының білім бөлімінің орынбасары, «Назарбаев зияткерлік мектебі» АҚ директоры, қала колледждері мен мектептерінің директорлары мен ҚӘК (қалалық әдістемелік кеңесі) әдіскерлері, сондай-ақ, университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылары қатысты.

Шараның негізгі мақсаты - «Мектеп-колледж-ЖОО» жүйесінде педагогтың кәсіби дамуын және болашақ педагог кадрларды даярлауды жетілдірудің тиімді жолдарын анықтау.

«Мектеп-колледж-ЖОО» арасындағы интеграцияны орнату және одан әрі дамыту бүгінгі күн тәртібіндегі ең өзекті мәселелерінің бірі.

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор м.а. Оралканова Индира Адылкановна:

«ҚР БҒМ министрі А.Қ.Аймағамбетовтың тапсырмасына сәйкес «Мектеп-колледж-ЖОО» жүйесі арасындағы коллаборацияны одан әрі жетілдіруге бағытталған кешенді шаралар аясында ШҚО білім басқармасымен өзара іс-қимыл жоспары бекітіліп, білім беру сапасын арттыруға байланысты нақты мақсаттар анықталған болатын. Аталған мақсаттарды жүзеге асыру үшін Шәкәрім

университеті мен Семей қаласының білім бөлімі әдістемелік отырыстың өтуіне ұйытқы болып отыр».

«ЖОО-МЕКТЕП БАЙЛАНЫСТАРЫ»

Білім бөлімі басшысының орынбасары Оразбекова Гүлнар Бақдәулетқызы:

ЖОО қандай бағыттар болуы керек?

«Орта білім беру мекемелері мен университеттің өзара әрекеттесуі оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік, кадрлық, кәсіптік бағыттар бойынша іске асырылуы тиіс... Шәкәрім университетінің студенттері Семей аймағының мектеп оқушыларымен байланыс жасап, мектеп пәндері бойынша қосымша онлайн сабақтар өткізді. Бұл процес мектептердегі оқылықтардың орнын толтыруға үлкен септігін тигізді».

«УНИВЕРСИТЕТ ПЕН МЕКТЕП АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

Семей қаласының физика-математика бағытындағы «Назарбаев Зияткерлік мектебі» АҚ-ның директоры Қайыржанов Бағдан Тоқтамысұлы:

- «Байланыс дегеніміз өзгерістерге негізделген категориялар. Жалпы өзгеріс дамуға әкеледі. Екі тарапты өзгерістер бір-бірінің дамуына әсер етуге мүдделі болуы керек. Біздегі болған іс-әрекет, университетке өзгеріс әкелсе, ал университеттің іс-әрекеті бізге өзгеріс әкелуі тиіс! ЖОО-мен дәл осындай тығыз байланыс қажет».

Шара барысында университеттің Білім беру үрдісін ұйымдастыру департаментінің директоры Ұ.Б. Тлемисов, Жаратылыстану-ғылыми пәндері оқу кафедрасының меңгерушісі Г.С. Сапарова білім мекемелері арасындағы ынтымақтастық арттыру шараларына байланысты шетел тәжірибелерін мысалға алды.

Студенттер қауымдастығының атынан Шәкәрім университетінің филология факультетінің студенті Д.Талғатбекова



баяндама жасады.

«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледж» КМҚК директоры Жанаева Шағангүл Алдамжарқызы, педагог мамандарды даярлайтын қалыптасқан арнайы ортаның болуы керектігін «педагогикалық мамандықта білім алатын студенттердің жүріс-тұрыс мәдениетіне қазірден көңіл бөлінуі тиіс, болашақта қызмет ететін ортаға сай болуын қадағалау міндетіміз», - деп ұсынысын білдірді.

Нәтижелі кездесуде педагог мамандарды қайта даярлау, инновациялық оқу-әдістемелік тәжірибемен алмасу, қазіргі заманғы білім берудің өзекті мәселелері бойынша бірлескен әрекеттің бағыттарын анықтау бойынша тұшымды баяндамалық тақырыптар тыңдалды.

Айта кетейік, шара соңында Шәкәрім университеті мен «Назарбаев Зияткерлік мектебі» АҚ-ның арасындағы келісім шарт мәтініне толықтырулар енгізіліп, дуалды білім беру тәжірибелерін тарту мәселелері қамтылған жаңа негіздегі меморандумға қол қойылды.

**Материалды әзірлеген:
Шырын ҚАУАНОВА**

БІРЛЕСЕ АТҚАРАТЫН ЖҰМЫС КӨП

Білім саласының сапасы мектеп пен жоғары оқу орындары бірлесе жұмыс атқарғанда арта түседі. Дәл осы пікір мектеп пен «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ басшылығы арасында өткен кездесуде айтылды.

Өңіріміздегі жетекші мектеп пен жоғары оқу орны ұстаздарын білім саласындағы проблемалар ерекше алаңдатады. Бүгін олар Зияткерлік мектепте бас қосып, алдағы уақытта осы бағытта атқаратын жұмыстары жайлы ой бөлісті. Дөңгелек үстелге университет тарапынан Басқарма Төрағасы- Ректор Бауыржан Ердембеков, академиялық мәселелер проректоры Индира Оралканова, ғылым департаментінің басшысы Жанар Молдабаева, білім сапасын бағалау орталығының жетекшісі Жандос Мұқаев, мектеп ұжымынан директор Бағдан Қайыржанов өзінің оқу ісі және ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасарларымен қатысты.

Екіжақты кездесу барысында бүгінгі білім саласының өзекті мәселелері ортаға салынып, оқушы мен студенттің сапалы білім алуы, ұстаздардың біліктілігін арттыру үшін біріккен іс-әрекет жайы сөз болды.

- Бұрындары жақсы қалыптасқан мектеп пен жоғары оқу орындары арасындағы байланыстың ажырап қалғанын жасыра алмаймыз. Оның салдарын көзіміз көріп жүр. Біз сол үрдісті қайта жаңдандырып, барлық бағыт бойынша бірлесе жұмыс жасағымыз келеді. Осы мақсатпен сіздерге келіп ұсыныс, пікірлеріңізді ескере



отырып жұмыс атқаруға мүдделіміз, - деді «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы- Ректоры Бауыржан Ердембеков.

Кездесу барысында екі тарап білім берудегі үкіметтік деңгейдегі бағдарламаларды іске асыру, соған сай мектеп және университет бітірушілеріне 21-ші ғасырда меңгеруге қажетті құзыреттіліктерді қалыптастыру және дамыту мәселелері бойынша өзара пікір алысты. Әңгіме барысында тараптар алдағы уақытта өзара байланыстың моделі қандай болу керек екендігін келісті, концептуальды көзқарастарын анықтап алды. Бұл кездесу келесі басқосуда нақты жоспар жасауға үлкен дайындық болды. Кездесу соңы қонақтардың мектеп ішін аралап, танысумен жалғасты.

**Ермек ИСАБАЕВ,
Семей қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің баспасөз хатшысы**

КАТАЛЬПА АҒАШЫН ӨСІРУДЕГІ ТӘЖІРИБЕЛІК ЖҰМЫСТАР

«Орман ресурстары және орманшылық» мамандығының студенті Ұлмекен Тұрдымұрат жетекшілері өсімдік шаруашылығының PhD докторы А.А.Закиева және аға оқытушы С.Д.Жилкыбаевалармен бірге қала көркін келтіру үшін Бигнониев тұқымына жататын катальпа (лат. Catalpa) ағашының тұқымын өсіру бойынша тәжірибелік жұмыстары іске асырылуда.

Catalpa XIX ғасырдың ортасында Қытайда, Солтүстік Америкасы, Ресей, Үндістан елдеріне кең таралған екен. Майя үндістері «бақыт ағашы» деп атаған ағаш түрі Қазақстанда қай уақыттан бастап өсіріледі?

Ұлмекен Тұрдымұрат: Катальпа бастапқыда ботаникалық бақтарда экзотикалық өсімдік ретінде өсірілген. Қазір әлемнің бірнеше елдерінде, оның ішінде Украина, Белоруссия, Ресей т.б. мемлекеттерде сәндік ағаш ретінде өсіреді. Катальпамыз Алматы қаласында қарағаш, терек, үйеңкі ағаштарының орнын алмастырып, қала келбетіне 15 жылдан бері көрік беріп келеді.

Catalpa күтіміне тоқталсаңыз?

Сәуле Жилкыбаева: Катальпаға басқа сәндік үшін өсіретін ағаштар сияқты ерекше күтім керек. Катальпаны отырғызу үшін көбірек жарық түсетін жерлерді таңдау керек. Жарық жеткіліксіз болса жапырақтары кішірейіп ағаш сәнін жоғалтады. Сонымен қатар ағаш өсетін жер өлкек желді болмауы керек. Қатты жел екпіні катальпаның жапырақтарына зақым келтіреді. Катальпа ылғал сүйгіш өсімдік, аптасына бір рет суарып тұруды қажет етеді. Жас көшеттерді отырғызғаннан кейін алғашқы жылдары қысқа қарай үсіп қалмау үшін қорғаныш материалдарымен жабу керек болады. Ал ересек ағаштары қысқа өте төзімді болғандықтан қорғаныш материалдарын қажет етпейді.

Тәжірибелік жұмыстарды қай кезден бастап қолға алдыңыздар? Болашақта не күтеміз?

Ұлмекен Тұрдымұрат: Жылыжай жағдайында тұқымнан өсіру жұмыстары 2019 жылдан басталды. Ұлмекен өсірген көшеттер қазір факультет ғимараты маңына 6 түп отырғызылған. Пандемия басталған кезде қалған көшеттер ашық жерге отырғызылмай қалып тіршілігін жойды. Болашақта катальпа ағашын қаламыздың көшелерінен көреміз деп ойлаймыз.

Барлық ғимараттарға катальпаны отырғызуға қанша уақыт кетеді?

Сәуле Жилкыбаева: Катальпа ағашын тұқымынан да, кесінді сабақтарынан да көбейтуге болады. Біздің жағдайда тұқымды фитильді суару әдісінде тұқымдар тез өніп, көшеттер екі есе жылдамдықпен өседі. Ал катальпа өзі жылдам өсетін ағаш болғандықтан көшеттері ашық жерге отырғызғаннан кейін жақсы бой көтереді. Жалпы ағаш бес жылдың ішінде гүлдеп тұқым бере бастайды.



Ағаш тұқымының ерекшелігі неде?

Арайлы Закиева: Катальпа ағашы молынан гүлдейді, гүлдеу уақыты маусым айының аяғында басталып 20 - 25 күнге дейін созылады. Катальпаның сәнін үлкен жапырақтары келтіреді, жапырақтары қазан айына дейін сарғаймай жасыл түсін сақтап, ағашта ұзақ уақыт тұрады. Жеке ағаш ретінде отырғызылған катальпаның биіктігі 20 метрге дейін жетіп бөрікбасы жан – жағына көлеңке түсіреді. Оның тез өсетіндігі, суыққа, ауаның газбен ластануына төзімділігі, топырақ талғамайтындығы ағаш тұқымын өсірушілерге де қолайлылық туғызады. Катальпаны дүкеннің, кафенің, офис немесе үйдің алдына жеке ағаш ретінде немесе саяжолдарға отырғызуға болады. Тіптен өзен жағалауларында ерекше әдемі көрініс береді.



Катальпаның түрлері өте көп, сіздер өсіріп жүрген катальпаның қандай ерекшеліктері бар?

Арайлы Закиева: Бигноний тәрізді катальпа немесе кәдімгі катальпа, кейде оны сирень жапырақты катальпа деп те атап жатады. Бұл ағаш биіктігі 10 м-ге дейін, бұтақтары кең, асимметриялық бөрікбасын құрайды. Оның жүрек тәрізді үлкен жапырақтары бар, олар көктемде сары-жасыл, ал жазда ашық-жасыл түске ие болады.

Ағаш тұқымын өсіру кезіндегі ерекшеліктерді айтып өтсеңіз?

Арайлы Закиева: Иә ағаш тұқымынан көшет алатын кезде фитильді әдісті қолданамыз. Суару фитильді әдісі – бұл суару әдісінің бір түрі. Фитильді суарудың конструкциясы өте қарапайым. Оны көбіне бөлме гүлдері үшін пайдаланып жатады:

- екіге кесілген пластикалық бөтелкенің жоғарғы бөлігіне өсімдік отырғызылады;
- бөтелкенің төменгі бөлігіне су құйылады;
- бөтелкенің екі жартысын синтетикалық мата байланыстырып тұрады.

Бірақ суару кезінде көшеттер екі есе тез өседі және бұл маңызды. Саңырауқұлақ ауруларымен ауырмайды. Себебі судың өсімдіктің жерүсті бөлігімен байланысы жоқ. Ал төменгі резервуардағы ылғал екі аптаға жетеді. Бөтелкенің су тұрған бөлігінен тыңайтқыш құйып, көшеттерді қоректендіруге болады. Бұл бос емес адамдар үшін көшет өсірудің өте ыңғайлы тәсілі.

Ұлмекеннің жылыжай жағдайында фитильді әдіс арқылы өсірген көшеттері Ветеринария және агроменеджмент факультеті ғимаратының маңайына отырғызылды. Болашақта катальпа ағашының тұқымын қаламызда көбейткіміз келеді.

Суқбат бергендеріңіз үшін рақмет! Тәжірибелік жұмыстарыңызға сәттілік тілейміз!

**Айым ШӘРІПХАНОВА,
Журналистика
мамандығының студенті**



пен дағдыларды дәйекті түрде жетілдіруге, қолда бар мамандықтар бойынша қызметкерлердің шеберлігін арттыруға бағыттайды. Қазіргі кезеңде, нарықтағы бәсекелестік қатаң ережелерге сәйкес, маманның әрқашан зияткерлік және кәсіби тонуста болуы талап етіледі. Адами ресурстар экономиканың негізі болып табылады. Осыған байланысты, мұғалім өзгерістерге ұмтылып, оларды туғызып, тәуелсіз шешімдер қабылдап және олар үшін жауапты болуы керек. Өзінің кәсіби деңгейін арттыра отырып, педагог оқыту — бұл өмір бойы жалғасатын процесс екенін

білмейтіндер стратегиялық белгісіздік әлемінде жеңіске ұшырайды. Дәл қазір осы жағдайда не істеуге болады? Мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарын талдау олардың білім деңгейін арттыруға біржақты көзқарасты, яғни дәстүрлі білімді игеруге бағытталғанын анықтады. Біліктілікті арттырудың мақсаты-педагогтің білімді білім берудің өзекті мәселелері мен міндеттерін шешу құралы ретінде пайдалануы. Сондықтан бұл жүйенің негізгі функциясы жаңа педагогикалық білім мен технологияларды қолдана отырып қана қоймай, оларды

БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ МАРКЕТПЛЕЙСІ

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру және жалпы білім беруді табысты жаңғырту - педагог кадрлардың өзгерістерге дайындығымен тікелей байланысты. Өзгерістерге дайындық, заманауи мұғалім моделінің негізгі көрсеткіші, жаңа формациядағы мұғалімнің басты сапасы. Республикада біртіндеп қалыптасып келе жатқан үздіксіз білім беру жүйесі педагог кадрларды тәрбиелеу мен оқытудың, даярлаудың, қайта даярлаудың, біліктілігін арттырудың және аттестаттаудың жүйелерін қамтиды.

Педагогтердің үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды элементтерінің бірі біліктілікті үнемі арттыру болып табылады. Біліктілікті арттыру - бұл жаңа технологияларды үйрену арқылы жұмыс күшінің өсу тенденциясы мен қызметкерлерді кәсіби оқытудың бір түрі. Оқытудың бұл түрінің мақсаты-қызметкерлердің теориялық білім деңгейін арттыру, сондай-ақ мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес көтерілетін практикалық дағдылар мен іскерліктерді жетілдіру. Білім туралы құжатты алғаннан кейін адам өмір бойы біліктілігін арттыру туралы ойланбастан жұмыс істей алатын күндер қазіргі кезде «көзден бұл-бұл» ұшты. Бүгінгі таңда «өмір бойы жұмыс істеу» сирек кездеседі.

Қызметкерлерді оқытудың басқа түрлері ережелер мен оқу процестеріне назар аударуы мүмкін, ал біліктілікті арттыру жаңа технологиялар қызметкерлерге өз жұмыстарын жаңа және тиімді тәсілдермен орындауға көмектесетін әдістерді зерттеуге бағытталған.

Біліктілікті арттыру және кадрларды қайта даярлау орталығы «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Қазіргі кезде Орталық өз жұмысын біліктілікті арттыру кәсіби және экономикалық білімді, білік

есте сақтауға міндетті. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру ғылымның дамуына, жаңа ғылыми тұжырымдамалардың пайда болуына байланысты бұрын зерттелген фактілерді, тұжырымдамаларды, заңдылықтарды қайта қараумен байланысты.

Жаңа формацияның мұғалімі - бұл белгілі бір күрделілік деңгейінің мәселелерін шеше алатын ғана емес, сонымен бірге ойлау мен іс-әрекеттің даму тенденцияларын

дамыта алатын мұғалім тұлғасының әлеуметтік-мәдени және зияткерлік әлеуетін дамыту болып табылады.

Қазіргі кезде Орталық өз жұмысын біліктілікті арттыру жүйесі қызметінің жаңа парадигмасына (әдіснамасына, логикасына, үлгісіне) – білім берудің дамытушы компонентін ғылыми-әдістемелік және кадрлық қамтамасыз ету арқылы білім беруді дамытуды ғылыми-әдістемелік және кадрлық сүйемелдеу деңгейіне шығуды ойластыруда. Ол ең алдымен: білім беруді дамытушы компоненті білім беру ортасы мен білім алушылардың дамуы; білім беруді дамытуды жобалау: білім беруді дамытудың бағдарламалары мен тұжырымдамалары, білім беру ортасы, білім алушының жеке білім беру бағыты; білім берудің дамытушы компонентін: білім беру бағдарламаларын, даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру бағдарламаларын, білім беруді дамытудың өңірлік бағдарламаларын, инновациялық жобаларды, білім алушының жеке бағытын сараптау; жаппай практикаға білім берудің дамытушы компонентін енгізу тетігін өзіндік т.с.с. жұмыс бағытын жоспарлаудан тұрады.

Орталықтың мақсаты заманауи талаптар негізінде мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру ғана емес, сонымен қатар мұғалімнің жеке басын жан-жақты дамыту, педагогті үздіксіз қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Шолпан САТИЕВА,
психология ғылымдарының
кандидаты, профессор
Біліктілікті арттыру және
кадрларды қайта даярлау
орталығының жетекшісі



көре және түсіне алатын, содан кейін осы тенденциялар аясында өзінің кәсіби қызметіне рефлексивті өзгерістер енгізе алатын мұғалім. Қазіргі кездегі біліктілікті арттыру жүйесінің ерекшелігі - ол екі саланың қиылысында орналасқан: дамып келе жатқан педагогикалық басқарушылық қызмет және білім берудің үздіксіздігін қамтамасыз ететін әлеуметтік жүйелердің даму заңдылықтарын зерттейтін және белгілейтін ғылымдар.

Бір білім, бір дағды, шаблонды силлабустар, оқытудағы дәстүрлі әдістер дегеннің бәрі үнемі оқып, дамуды

ШАХМАТ - АҚЫЛ-ОЙ СПОРТЫ

Наурыз айында басталған университетшілік спартакиада ойындары жалғасын табуда.

Шөкәрім шаңырағындағы әр факультеттің профессор-оқытушылар құрамы мен құрылымдық бөлім қызметкерлері арасында шахмат ойыны өткізілді.

Іс-шара мақсаты қатысушыларды жылдам ойлануға, шешім қабылдауға және әріптестер арасында достық қарым-қатынасты дамытуға бағытталған.

Жарыс қатысушылар А және Б тобы және әйелдер мен ерлер қауымы болып екіге бөлінді.

А тобындағы «Ректорат», «АФ», «ИТФ» командасы тартысты ойын көрсетсе, Б тобындағы «Қауіпсіздік қызметі», «ЖМФ», «ГЭФ және ФФ» құрамдарының арасындағы ойын одан әрі қыза түсті.

Шахмат ойынының қорытындысы бойынша:

1 - орын Жаратылыстану-математика факультеті

2 - орын: Ректорат құрамы

3 - орын: Гуманитарлық экономика және Филология факультеттері қанжығасына байлады.

1. Шахмат атауының шығу тәркіні

Шахмат 6-шы ғасырда ежелгі үнді ойыны кезінде шыққан. Оның атауы ежелгі және орта ғасырлардағы үнділердің әдеби тілінен аударғанда шахматтағы пешка, ат, піл және ладья ұсынылған жаяу әскер, атты әскер, піл және соғыс арбалары кіретін «әскердің төр бірлігі» деген мағына береді.

7-ші ғасырда бұл ойын Парсы жеріне келді және атауы шатранж деп өзгертілді. Шахмат сөзі дәл осы парсы тілінен шыққан. Ойыншылар «шахты» (парсы патшасы) жей отырып, қарсылас патшаға шабуыл жасаған. Ал «Шах мат» парсы тілінен «патша өлді» деген мағынаны білдіреді.

2. Барлығын сан соқтырған шахмат автоматы

1770 жылы венгерлік өнертапқыш Вольфганг фон Кеплемен шахмат машинасын ойлап тапты. Автомат адамға ұқсас болды. Онда есігі ашылатын ағаш шкафтың үстінде отырған адамның мүсіні жұртшылыққа күрделі механизмдерді көрсететіп отырады.

Механикалық қол шахмат тастарын өзі жылжытып, Наполеон Бонапарт және Бенжамин Франклин секілді танымал



қарсыластардың өзін жеңетін. Бірақ, көптеген жылдан кейін шахмат машинасының автомат болмағаны анықталды. Сөйтсе оның ішінде көрермендерге ақылды «машинаның» күрделі механизмдерін көрсетіп отыратын, мықты шахматшы жасырынып отырған.

3. Ең ұзақ және ең қысқа шахмат ойыны

Ең қысқа шахмат ойыны ақымақ мат деп аталады және ол екі қадамнан тұрады. Мысалы, 1. f3 e5 және 2. g4 Qh4 ++. Жеңіліс немесе тең ойын ойыншы ойынға кіріспес бұрын да орын алуы мүмкін.

Ал ең ұзақ шахмат ойынын 1989 жылы Белградта Иван Николитч пен Горан Арсович ойнады. Ол 20 сағат 15 минутқа созылды. Ойын барысында 269 қозылды. Ойын жасалған және бұл партияда екі шахматшы да тең түсіп, жеңімпаз анықталмады.

Теориялық тұрғыдан ойын бұдан да ұзақ уақытқа созылуы мүмкін, бірақ 50 қадам жасау туралы ереже енгізілгеннен кейін бұл сан шектелуі мүмкін.

4. Шахбокс

Гарри Каспаров бірде «шахмат – ақылдың азабы» деп айтқан болатын. Сондықтан, әлдебіреулер шахматты физикалық сынақтармен біріктіріп, шахбокс жасауды шешкен көрінеді. Нақтырақ айтсақ, шахбокс шахмат пен бокстың қосындысынан туған қоспалы спорт. Шахбокстың негізін салушы Нидерланд суретшісі Ипе Рубингстал. Ол шахмат пен боксты бір комикстік кітапта біріктіру идеясын көргеннен кейін шахбокс ойлап тапты.

Шахбокста шахмат және бокс турнирлері айналымға түседі және оның ұраны: «Шайқас – алаңда болады, ал жауынгерлер – шахмат тақтасына түседі».

Сондай-ақ, «шахбокс» бүкіл

әлем бойынша кеңінен танымал болып, бүкіл әлемдік шахмат бокс ұйымының бақылауына алынды.

5. Динамикалық патшайым

Шахматтың Ферзь немесе патшайым тасы шахмат тарихында көптеген өзгерістерге ұшырады. Мұның бәрі оның тек диагональ бойынша бір торда ғана жүре алуынан басталды. Кейіннен ол екі торды аттап жүріп, содан кейін ат сияқты одан әрі жылжып отырды.

Енді бұл тас диагональ да, көлденең де, тігінен де жылжиды. Алғашында ол патша кеңесші немесе үзір болды. Бірақ, кейіннен шахматтағы ең мықты тасқа айналды.

6. Соқыр шахмат

Соқыр шахмат – бұл ойыншының шахмат тақтасына қарамай-ақ, барлық қадамдарды жасайтын ойын нұсқасы. Әдетте, ойында барлық тастардың орнын ауыстырып отыратын делдалдық етуші үшінші адам болады.

Соқыр шахмат ойнау әдісі көптеген мықты шахматшыларда болатын керемет қабілет. Шахматтың бұл нұсқасында венгерлік шахматшы Янош Флеш чемпиондардың бірі атанды. Ол 52 адаммен бір уақытта шахмат ойнап, оның 32-сінде жеңіске жетті.

7. Шексіз мүмкіндіктер

Әр үш қадамнан кейін әр ойыншыда тоғыз миллионнан астам мүмкін позициялар бар. Америкалық математик қайталанбайтын шахмат ойындарының ең аз санын есептеп, Шеннон санын шығарды.

Осы санға сәйкес, ықтимал бірегей партияның саны әлемдегі атомдардың санынан асып түседі. Атомдардың саны 10^{23} деп бағаланған, ал бірегей шахмат ойындарының саны – 10^{120} .

8. Шахматтық компьютерлердің күші

Қазір шахматтық компьютерлер шахматтың маңызды бөлігі болып табылады. Шахмат тарихында ең мықты ойыншы саналатын әлем чемпионы Гарри Каспаров, 1997 жылы Deep Blue компьютерінен ұтылып қалып, бүкіл жұртты таңғалдырды. Оның шахматтық компьютерлерден жеңілуі шахмат әлемі үшін шынайы соққы болды.

2006 жылы әлем чемпионы Владимир Крамник компьютерлік Deep Fritz шахматтық компьютерінің үшін тағы бір атап өтті. Бүгінгі таңда шахматтық бағдарламаларды ойыншылар ойынды талдау және жақсарту үшін жиі қолданады. Сондай-ақ, оларды жиі гроссмейстерлермен теңестіреді.

9. Ұйықтап қалмау үшін қойылатын шахмат сағаты

Бастапқыда шахмат ойындары сағатсыз ойналатын. Сонымен қатар, ойыншылар бір-бірін шаршатып, тіпті бірнеше күн қатарынан ойнай алатын болған. 1851 жылы шахмат турнирінде төрешінің көмекшісі шахмат партиясына «ойыншылар ұйықтап қалғандықтан ойын аяқталмады» деген қорытынды жасады.

Осыдан кейін, бір жыл өткен соң халықаралық турнирде уақытты бақылау үшін сағат қойылатын болды. Ал 1883 жылы британдық Томас Уилсон жасаған алғашқы механикалық шахмат сағаты пайда болды.

10. Шахмат және біздің миымыз

Психологтар жиі шахматты есте сақтаудың тиімді жолы деп атайды. Ол сондай-ақ күрделі мәселелерді шешуге және түрлі идеяларды ойлауға мүмкіндік береді. Бірақ сіз де шахмат ойнау арқылы ойлау қабілетіңізді айтарлықтай жақсартасыз.

Сонымен қатар, зерттеу шахматтың мидың екі жартышарын белсендіретінін, шығармашылықты, концентрацияны, сыни ойлауды және оқу дағдыларын жетілдіретінін көрсетті.

ПОДПИСАНО СОГЛАШЕНИЕ О СОТРУДНИЧЕСТВЕ С ВЫСШЕЙ ШКОЛОЙ ЭКОНОМИКИ В БЫДГОЩЕ



27 апреля прошла онлайн встреча делегатов двух университетов на уровне топ-руководителей. Высшая Школа Экономики в Быдгоще работает на основе концепции предпринимательского университета в модели обучающейся организации, имеет многолетний опыт совмещения образования с наукой и предпринимательством, что очень актуально для современных региональных вузов Казахстана.

Делегаты обсудили перспективы развития программ двойных дипломов, академических обменов обучающимися и преподавателями, перспективы новых научно-прикладных проектов и исследований и многие другие направления.

Центр международного сотрудничества

УВАЖАЕМЫЕ ПРЕТЕНДЕНТЫ В ДОКТОРАНТУРУ!

Некоммерческая организация «*Bolashaq Development Fund*» сообщает что, Бандунгский технологический институт Индонезии готов предоставить стипендии по степени PhD двум кандидатам из Казахстана в области исследования «*Наноматериалы для применения в биосенсоре и в суперконденсаторах*».

Что входят в стипендию:

Стипендия на одного человека
Бесплатное обучение на докторантуре ITB
Оплата исследования по программе докторантуры
Стипендия рассчитана на 3 года

Дедлайн: 12 июня 2021 года.

Специальности докторантуры:

Nano materials for application in biosensor
Nano materials for application in supercapacitor

Требования:

Возраст не старше 30
Наличие степени магистра в смежной области
Начать обучение в ITB Bandung Indonesia в августе 2021 г.
Иметь минимум 500 баллов TOEFL
Наличие публикаций научных статей в авторитетном журнале.

Процесс подачи:

Подготовьте резюме, включающее академическую справку о степени бакалавра и магистра, а также план исследования по теме (максимум 1 страница)

Резюме и план исследования необходимо направить по электронной почте brian@tf.itb.ac.id

В случае возникновения дополнительных вопросов просим обращаться по телефону: +7 707 195 04 19

СӘУІР АЙЫНДАҒЫ СЕНБІЛІКТЕР

Семей қаласы әкімдігінің Қаулысымен Семей шаһарының аумағын абаттандыру, көркейту және санитарлық күтіп ұстау мақсатында көктемгі экологиялық айлық басталған болатын.

Жалпықалалық сенбілікке Басқарма төрағасы - Ректор Бауыржан Амангелдіұлы Ердембеков бастаған құрылымдық бөлім басшылары мен қызметкерлері және профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер белсене атсалысты.

Негізгі мақсат – қаланың шырайын әрлендіру, оны үздік экологиялық таза аймаққа айналдыру, студент-жастарды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу, қаламыздың тазалығы мен көркеюіне өз үлестерін қосуға баулу.

Семей қаласының әкімі Сақтағанов Нұрымбет Аманұлы оқу орнының аумағында өткен сенбілік жұмыстарымен танысып, қаланың көркеюіне үлес қосушы Шәкәрім ұжымына алғысын білдірді.

«Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваты Шәкәрім университетіне ЖОО аумағын көгалдандыру үшін 100 түп қарағай өскінін сыйға тартты. Бұл игі іс-шара университет пен «Семей орманы» арасындағы көктемгі ағаш отырғызу науқаны аясында жүзеге асырылды.

«Жасыл қорды жаңарта отырып, біз өңірдегі экологиялық жағдайды жақсартуға тырысамыз. Бүгінгі іс-шараға атсалысқан барша қызметкерлер университетімізді одан әрі көгалдандыруға



септігін тигізуде», - деп атап өтті ұйымдастырушылар.

Көктем келе күн жылына өткізілетін мұндай дәстүрлі шарада оқу орны әр кезде де белсенділік танытып келеді. Бұл жолы да арнайы жоспарға сай әр факультеттің студенттері мен ұстаздары өздеріне бекітілген аумақтарды қоқыс қалдықтарынан тазартты.

Бүгінгі сенбілікке қатысушылардың күшімен білім ордасына тиесілі аумақтар атап айтқанда, Қабылбаев, Жангелдин, Жамбыл, Социалистік, Шугаев, Глинка, Физкультурная, Карменов және Рысқұлов көшелері қоқыстардан тазартылды.

Университеттің әкімшілік-шаруашылық қызметі жөніндегі департаментінің деректері бойынша:

ЖОО жалпы тазартылған аумақ алаңы - 4000 м²;
Көлік транспортымен жиіні - 120 м³ қоқыс шығарылды;
Сенбілікке қатысушылар саны - 1400 адам.

Айта кетейік, сенбілік жұмыстар ағымдағы айдың соңына дейін жалғаспақ. Барлық облыстық және қалалық мемлекеттік мекемелер, аумақтық департаменттер мен инспекциялар, мемлекеттік құқық қорғау органдары, өндірістік кәсіпорындар мен оқу орындары қызметкерлері жаппай сенбілікке шығып, қаланы күл-қоқыстан тазартып, ағаш отырғызуда.

Жанерке АМАНГЕЛДИНОВА,
журналист



Құрылтайшысы:
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті»
КеАҚ

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті берген тіркеу куәлігі № 17310-Г
13 қазан 2018 жыл.

Редактор
Шырын ҚАЗАНОВА
Дизайнер
Серікбол МЫРЗАБЕКОВ

✉ semgu_2020@bk.ru
🌐 www.shakarim.edu.kz
📧 @universitet.shakarim

Білім алушы жастарға арналған ақпараттық-танымдық басылым айына бір рет шығады.

Газет «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ баспаханасында басылып шығарылды.
Таралымы 500 дана

Редакцияның мекен-жайы:
Семей қаласы, Глинка көшесі, 20 а